Санитариялық-эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына 4-қосымша
Нысан
Форма
А4 Форматы
Формат А4

# Санитариялық-эпидемиологиялық тексеріп қарау АКТІСІ
# АКТ Санитарно-эпидемиологического обследования
## № 12

Мен (Біз) (Мною) (Нами) **Көксу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасыныц жетекші маманы Бақбергенова Сабина Талғатқызы**

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.), должность фамилия, имя, отчество (далее–Ф.И.О)

**Көксу аудандық санитариялық -эпидемиологиялық бақылау басқармасы**

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының атауы, (наименование органа государственного санитарно-эпидемиологического надзора), мыналардың (с участием)

__________________________________________________

тексеруге қатысқан басқа мамандарды көрсетіңіз (указать других специалистов, участвовавших в обследовании)

________________________________________ қатысуымен

мамандар болғанда: (в присутствии) **«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

лауазымды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлға (должность, Ф.И.О должностного лица или индивидуального предпринимателя) басшысының лауазымы, Т.А.Ә. немесе жеке тұлғаның, лауазымы, Т.А.Ә. (или руководителя юридического лица или Ф.И.О. физического лица)

**«Жетісу облысы білім басқармасыныц Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Лабасы ауылдық округі, Талапты ауылы, Абай көшесі, №24**

нысанның , заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы (наименование объекта, юридического лица или индивидуального предпринимателя)

**«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК 2025 жылғы 24 қаңтардағы №KZ96RYS00970389 санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу туралы өтініші**

тексеру жүргізілді (проведено обследование).

тексеру түрін көрсету (указать вид обследования)

(начато) **2025** жылғы (года) «**29**» **01** **11** сағат (часов) **00** минутта (минут) басталды.

**Тексеру кезінде мыналар анықталды** (при обследовании установлено)

«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы»

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. Жетісу облысы, Көксу ауданы, Лабасы ауылдық округі, Талапты ауылы, Абай көшесі, №24 мекен - жайында орналасқан. БСН/ЖСН: 131040017306, ұялы тел: 87026266694, меңгерушісі Бурлибаева Алмагуль Токеновна. Субъектінің қайта тіркеу күні – 01.10.2022 жыл. Балабақша 1986 жылы салынған типті емес ғимаратта орналасқан. Қызмет түрі: Мектепке дейінгі білім беру.

Ғимараттың аукымы – 1495,0м². Жалпы алаңы – 391м². Балабақша 3 топ, 48 орынға жабдықталған. Балабақша ғимараты бейімделген 2 ғимараттан тұрады, 1 қабатты. Объект аумағы толық қоршалған, және балабақша сыртында жақын орналасқан қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарын (СҚА) қажет ететін зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары мен шекті жол берілетін төгінділері жоқ. Объектінің аумағында функционалдық байланысты емес объектілер орналаспаған.

Балабақшаның ғимараты бір қабатты (негізгі ғимарат 3 топқа), ойын алаңдары, қоймадан тұрады. Бөлек ғимаратта кір жуу орны, медициналық қызметкер кабинеті, оқшаулау бөлмесі, акт залы, асхана орналасқан. Әр ғимараттың кіре беріс есіктері жеке қарастырылған.

Объектінің аумағы негізгі ғимаратты, шаруашылық және топтық алаңдарды орналастыру аймақтарына бөлінеді. Бала бақша учаскесіне кіру және одан шығу жолдары, көлікпен кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық - ауладық қондырғыларға өтетін жолдар бетондалған, тазалауға қолжетімді. Абаттандырылған. Қоқыс жинағыштар - 2, тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған, үш жағынан қоршалған, тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, су өткізбейтін төсемі бар алаңда орнатылған. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын әкету және тасымалдауға ТОО «Көксу таза жер» №3 29.01.2025ж. келісім-шартқа отырғызылған.

Балалар үшін ойын алаңдарының төсемі тегістелген топырақтан қарастырылған. Аулада 3 топқа арналған ойын алаңы жабдықталған, әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан қоршалған 20м² көлеңке қалқалары бар. Көлеңке қалқалардың едені ағаш. Жанында төбесі бар 3 құмсалғыштармен жабдықталған. Балалардың жасына - бойына сай жабдықталған. Барлық үй жайлардың төбелері мен қабырғалары тегіс, саңылаусыз, жарықшағы жоқ, бүлінбеген, грибоктармен зақымдану белгілерінсіз. Қалыпты режимде пайдаланылатын үй-жайлардағы қабырғалардың, еденнің, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс, күңгірт. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Үй-жайларында, коридорлардағы едендерге ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін жылы линолеум төселген. Қабырғалары - левкас, сырланған.

Балабақшаның 1 қабатында киім шешетін бөлмесі, ойын, жатын бөлмесі, дәретхана, меңгеруші кабинеті, әдіскер (психолог, логопед) кабинеті, қоймадан тұрады.

1 топ: Кіші топ «Балапан» 16 балаға арналған. Жеке кіріп-шығу есігі бар.

Киім шешетін бөлмесі – 13,8м². Бөлмелер сыртқы киімге арналған 16 - шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған.

Жатын бөлмесі – 33,0м². Жеке стационарлық төсектермен жабдықталған. Жатын бөлмесінде 16 төсек бар. Бір жатын орынға 3 төсек - орын жабдығы (жаялық, көрпе жамылғысы, жастық қаптары) көзделген. Төсек жабдықтары санына қарай таңбаланған.

Ойын залы – 33,0м². 3 - стол және 16 - орындықтармен жабдықталған. Жатын бөлмесі мен ойын залында жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және тормен жабылған, терезелерде және жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылары көзделген. Ойыншық жуатын екі сыйымдылық арналған, таңбаланған. Ойыншықтардың сапасымен қауіпсіздігін растайтын құжаттар бар. Ойыншықтар бар. Жабдық, жиһаз, жұмсақ және қатты мүкәммал, санитариялық-техникалық аспаптар жұмыс жағдайына сай және мақсаты бойынша пайдаланылады.

Буфет – 5,6м². Буфетте ыдыс-аяқты қолмен жуу үшін асхана ыдыстарына арналған 2 раковина көзделген. Ыстық және суық су қарастырылған. Ыстық су 25 литрлік «Аристон» су жылытқыштары негізінде жүзеге асырылады. Ыдыс сақтайтын сөрелер орнатылған. Жуғыш заттар қоры бар.

Дәретхана – 9,6м² құрайды. 3 унитаз, 3 қол жуу раковиналары орнатылған. Қол жууға арналған сұйық сабындары бар. Қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар орнатылған. Қол жуудың көрнекілік материалдары ілінген. Дәретханада жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін ілгіштер орнатылған. Иілмелі шлангісі бар гигиеналық табандық бар. Кішкентай балаларға түбектер қарастырылған, өңдеуге сыйымдылық арналған. Түбектерді арнайы сөреде сақтайды.

2 топ: Ересек тобы «Қарлығаш» 16 балаға арналған. Жеке кіріп-шығу есігі бар.

Киім шешетін бөлмесі – 12,6м². Бөлмелер сыртқы киімге арналған 16 - шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған.

Жатын бөлмесі – 33,0м². Жеке стационарлық төсектермен жабдықталған. Жатын бөлмесінде 16 төсек бар. Бір жатын орынға 3 төсек - орын жабдығы (жаялық, көрпе жамылғысы, жастық қаптары) көзделген. Төсек жабдықтары санына қарай таңбаланған.

Ойын залы – 33,0м². 3 - стол және 16 - орындықтармен жабдықталған. Жатын бөлмесі мен ойын залында жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және тормен жабылған, терезелерде және жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылары көзделген. Ойыншық жуатын екі сыйымдылық арналған, таңбаланған. Ойыншықтардың сапасымен қауіпсіздігін растайтын құжаттар бар. Ойыншықтар бар. Жабдық, жиһаз, жұмсақ және қатты мүкәммал, санитариялық-техникалық аспаптар жұмыс жағдайына сай және мақсаты бойынша пайдаланылады.

Буфет – 4,6м². Буфетте ыдыс-аяқты қолмен жуу үшін асхана ыдыстарына арналған 2 раковина көзделген. Ыстық және суық су қарастырылған. Ыстық су 25 литрлік «Аристон» су жылытқыштары негізінде жүзеге асырылады. Ыдыс сақтайтын сөрелер орнатылған. Жуғыш заттар қоры бар.

Дәретхана – 10,1м² құрайды. 3 унитаз, 3 қол жуу раковиналары орнатылған. Қол жууға арналған сұйық сабындары бар. Қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар орнатылған. Қол жуудың көрнекілік материалдары ілінген. Дәретханада жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін ілгіштер орнатылған. Иілмелі шлангісі бар гигиеналық табандық бар.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дәретхана - 6,8м². 1 - унитаз, 1 - қол жуу раковинасы орнатылған.

3 топ: Орта тобы «Қызғалдақ» 16 балаға арналған. Жеке кіріп-шығу есігі бар.

Киім шешетін бөлмесі – 13,5м². Бөлмелер сыртқы киімге арналған 16 - шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Балалардың киіміне арналған шкафтар жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған.

Жатын бөлмесі – 33,0м². Жеке стационарлық төсектермен жабдықталған. Жатын бөлмесінде 16 төсек бар. Бір жатын орынға 3 төсек - орын жабдығы (жаялық, көрпе жамылғысы, жастық қаптары) көзделген. Төсек жабдықтары санына қарай таңбаланған.

Ойын залы – 33,0м². 3 - стол және 16 - орындықтармен жабдықталған. Жатын бөлмесі мен ойын залында жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және тормен жабылған, терезелерде және жарықтандыру құралдарында қорғау құрылғылары көзделген. Ойыншық жуатын екі сыйымдылық арналған, таңбаланған. Ойыншықтардың сапасымен қауіпсіздігін растайтын құжаттар бар. Ойыншықтар бар. Жабдық, жиһаз, жұмсақ және қатты мүкәммал, санитариялық-техникалық аспаптар жұмыс жағдайына сай және мақсаты бойынша пайдаланылады.

Буфет – 6,1м². Буфетте ыдыс-аяқты қолмен жуу үшін асхана ыдыстарына арналған 2 раковина көзделген. Ыстық және суық су қарастырылған. Ыстық су 25 литрлік «Аристон» су жылытқыштары негізінде жүзеге асырылады. Ыдыс сақтайтын сөрелер орнатылған. Жуғыш заттар қоры бар.

Дәретхана – 9,6м² құрайды. 3 унитаз, 3 қол жуу раковиналары орнатылған. Қол жууға арналған сұйық сабындары бар. Қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар орнатылған. Қол жуудың көрнекілік материалдары ілінген. Дәретханада жеке ұяшықтары бар балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін ілгіштер орнатылған. Иілмелі шлангісі бар гигиеналық табандық бар.

Меңгеруші кабинеті – 19,0м², әдіскер бөлмесі – 19,4м² құрайды.

Бөлек орналасқан ғимарат медициналық қызметкер кабинеті, оқшаулау бөлмесі, акт залы, кір жуу бөлмесі, асхана, қойма, дәретханадан тұрады.

Медициналық қызметкер кабинеті – 10,4м². Медицина қызметкерінің сыртқы киімін сақтауға арналған 1 - шкаф, 1 - құжаттарға арналған шкаф, 1 -

жұмыс столы, 1 - таразы, 1 - бой өлшеу құралы, 1 - тоңазытқыш, 2 - орындық бар. Медбике арнайы киіммен, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілген. Кабинеттің едені ылғалды тәсілмен өңдеуге төзімді ленолиуммен қапталған. 2 метр биіктікте «Armed» маркалы ультрасәулелендіргіш кварц қабырғаға орнатылған. Кабинетте 1 қол жуғыш орнатылған. Ыстық су электрожылытқыш «Аристон» есебінен жүргізіледі. Салмақ өлшегіш, дәрілік стол, шкаф, ширма бар. Санитариялық талаптарға сай журналдар арналған. Дәрілермен қамтылған. Жылжымалы ультрасәулелендіргіш кварц шамы бар. Жалпы балабақшада 2 жылжымалы «Armed» маркалы ультрасәулелендіргіш кварц шамы бар, есепке алу журналы жүргізіледі, сағаты есептеледі.

Оқшаулау бөлмесі – 9,4м². Кабинетте 1 кушетка бар. Медициналық кабинет және оқшаулау бөлмесінің қабырғалары ішкі өңделуі ылғалды жинауға және дезинфекцияға төзімді төбеге дейін толық кафельмен қапталған.

Медициналық кабинеттің микроклиматтық жағдайын бақылау үшін 1– гигрометр орнатылған. Барлық үй-жайларда температуралық режимді бақылайтын термометрлері бар, техникалық тексерісінен өткен, тексерістен өткендігін растайтын сертификаттары бар.

Кір жуу бөлмесі - 9,5м². Бөлмеде 5 килограммдық «Beko» маркалы 1 - кір жуу автоматтандырылған машина және 1 – карантиндік машина, лас және таза киімге арналған себет, инфекциялық науқастардың кірін дезинфекциялауға арналған таңбаланған ванна, 1 үтік және үтіктеу тақтасы бар. 1 – қол жуғыш раковинасы орнатылған.

Акт залы – 55,4м². Төсек-орын жабдығын сақтау бөлмесі – 3,3м². Арнайы шкафпен жабдықталған.

Ас блогында ыстық-суық цехі ауданы - 36,8м². Дайын тағам тарату орны – 5,7м², асхана және ас-үй ыдыстарын жуу бөлмесі – 5,9 м², дайындау цехы – 10,2м², сусылмалы өнімдерді және көкөністерді сақтау қоймасы – 14,6м², шаруашылық меңгеруші кабинеті – 10,9м², қызметкерлер бөлмесі – 7,6 м², қойма – 4,0м². Қызметкерлерге арнайы санитарлық торап қарастырылған – 3,3м² құрайды. 1 – унитаз, 1 – қол жуғыш орнатылған. Ас блогында қызметкерлерге қол жууға арналған 1 – раковина орнатылған.

Дайындау цехі - осы жерде шикі ет және тауық өңдейтін орын бөлінген, арнайы бөлінген таңбаланған бөлшектеуге арналған столымен, тақтайшаларымен, пышақтарымен жабдықталған. Столдардың беті тегіс, жарықсыз. Дайындау цехында дайын тағамдарды және сүт өнімдерін сақтауға арналған – 1 тоңазытқыш, 1 – микротолқынды пеш, 1 ет тартқыш бар. Шикі ет пен көкөніс жууға арналған 2 секциялы раковина орнатылған. Ет арнайы мұздатқышта сақталады. Ас блогында ыстық және суық су қарастырылған. Ыстық су «Аристон» су жылытқыштары негізінде жүзеге асырылады. Азық-түлік сақтайтын қойма арнайы сөрелермен жабдықталған. Балабақшаға тамақты жеткізу үшін бірінші және екінші тағамдарға арналған қақпақтары бар таңбаланған контейнерлер қолданылады.

Ас дайындау блогында технологиялық жабдықтардан: Пеші бар 6 - камфоралы 1 – стационарлық электроплита, 1 – таразы, 1 - нан кескіш бар. Қоймада етті сақтауға – 1 мұздатқыш, көкөністерді сақтауға арналған – 1

тоңазытқыш карастырылған. Жұмыртка жууға 2 ұялы ыдыс қарастырылған, таңбасы бар және жұмыртка сақтауға - 1 тоңазытқыш орнатылған. Ыдыс жуу орында асхана ыдыстарына - 3 секциялы ванна көзделген. Ас дайындау блогында стационарлық электроплита, ыдыс жуу раковиналардың үстінде 2 - сорғыш зонт орнатылған. Ыстық су 50 литрлік «Аристон» есебінен жүргізіледі. Қоймаларда сөрелер мен стеллаждар бар. Ыдыстарды кептіретін стеллаждар орнатылған. Асхананың жұмысын бақылау үшін арнайы үлгіде журналдар бар. Ауасы құрғақ, желдетуге терезе қарастырылған. Температуралық-ылғалдылық режимінің сақталуын бақылау үшін қоймалар, өндірістік үй-жайлар температураны, ауаның салыстырмалы ылғалдылығын өлшеуге арналған бақылау-өлшеу құралдарымен жарақталған. Тоңазытқыш жабдығы, тоңазытқыш камералары термометрлермен немесе тамақ өнімдерін сақтаудың температуралық режимін бақылау және тіркеу құралдарымен жарақталған. Үш жиын есебінен асхана ыдысымен қамтамасыз етілген. Тамақтарды дайындауға және сақтауға арналған асхана аспаптарымен жабдықталған, ыдыстар тат баспайтын материалдан қарастырылған. Шикі және дайын өнімдерді бөлек сақтау, оларды технологиялық өңдеу және тарату үшін бөлек таңбаланған жабдық, бөлшектеу мүкәммалы, ас-үй ыдысы пайдаланылады. Салқын тағамдарды дайындауға арналған үй-жайларда жабдықтың үй-жайлары мен жұмыс беттеріндегі ауаны зарарсыздандыру үшін бактерицидті жылжымалы жабық бактерицидті сәулелегіштері бар, пайдалану режимімен қағидалары, жұмыс уақытын есепке алу пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қамтамасыз етіледі.

Асхана қызметкерлерге арналған киім ауыстыратын бөлмесі – 7,6 ш.м. құрайды. Шкафпен жабдықталған.

Азық-түлік (тамақ) шикізаты және тұтынуға дайын тамақ өнімдері үшін бөлек технологиялық және тоңазытқыш жабдығы, өндірістік үстелдер, әріптік таңбалауымен таңбаланған бөлшектеу мүкәммалы және ас үй ыдысы пайдаланылады. Шикізат пен дайын өнімдерді өңдейтін арнайы таңбалауы жүргізілген столдар, тақтайлары, пышақтары жеткілікті бөлінген. Өндірістік үстелдерге, тақтайларға, пышақтарға таңбалау толық жүргізілген. Тағамдар дайындайтын, өңдейтін ас үйлік ыдыстармен, 1-ші, 2-ші тағамдар дайындайтын кострюльдермен, шикі және піскен өнімдерді өңдейтін ыдыстармен жеткілікті жабдықталған. Сонымен қатар, асханалық ыдыстармен қамтамасыз етілген, коры бар, 150 дана 1-ші, 2-ші тағамға арналған тарелкалармен, бокалдармен, ауыз су ішетін стакандармен, қасықтармен, шанышқылармен, т.б. ыдыстармен толық, жеткілікті қамтамасыз етілген. Асханалық және ас үйлік ыдыстарды кептіруге арнайы бөлінген ыдыс кептіретін 3 шкаф, ыдыс кептіретін 2 сөрелермен жабдықталған. Жарықтары, сынықтары, жиектері сынған, пішіні бұзылған, эмалі зақымдалған ыдыстарды пайдалану анықталған жоқ. Ванналар суық суға, ыстық суға араластырғыш орнатыла отырып қосылған. Асханалық, ас үй ыдыстарын, асхана аспаптарын, мүкәммалды, ыдыстарды жууға, залалсыздандыру жүргізгенге жағдай жасалынған.

Тоңазытқыштарда және қоймаларда тамақ өнімдерін, дайын тағамдарды тауар көршілестігімен сақтау шарттарын сақтай отырып, сақтау жүргізіледі. Қоймаларда және тоңазытқыштарда, өнімді өңдеу және дайындау орындарында температура мен ылғалдылық деңгейін сақтауды қамтамасыз ететін арнайы термометрлермен жарақталған, температурасы нормасына сәйкес келеді. Шикізат пен дайын өнімдерді тасымалдау нан, жартылай фабрикаттар өнімдерін келісім - шарттар арқылы арнайы өндірістік автокөлікпен әкелінеді. Балабақшаның асханасында дайын тағам өнімдерін айналымға шығару жүргізілмейді.

Ас блогында технологиялық процестердің бірізділігі мен ағымдылығын, шикі және пайдалануға дайын тамақ өнімдерінің жанасу мүмкіндігін болдырмай, қызмет көрсетуге, жууға, дезинфекциялауға және жөндеуге арналған жабдыққа еркін қол жеткізу мүмкіндігін сақтай отырып қамтамасыз етіледі. Азық-түлік (тамақ) шикізаты және тұтынуға дайын тамақ өнімдері үшін тамақтану объектілерінің бөлек технологиялық және тоңазытқыш жабдығы, өндірістік үстелдер, әріптік таңбалауды пайдалана отырып таңбаланған бөлшектеу мүкәммалы және ас үй ыдысы пайдаланылады. Ас блогында технологиялық процестің ағыны сақталады, бұзылуы анықталған жоқ.

Өндірістік, қойма, ас блогын, тамақтану залды, қосалқы үй-жайларды, санитариялық тораптарды (дәретханаларды) жинау үшін таңбаланған жеке жинау мүкәммалы бөлінген. Жинау мүкәммалы арнайы бөлінген орында, санитариялық тораптарды (дәретханаларды) жинауға және дезинфекциялауға арналған жинау мүкәммалынан бөлек сақталады және мақсаты бойынша пайдаланылады. Санитариялық тораптарды (дәретханаларды) жинауға және дезинфекциялауға арналған мүкәммал дәретхана бөлмесінде, өзге үй - жайлардың жинау мүкәммалынан бөлек арнайы белгіленген жерде сақталады.

Балабақшада жинау мүкәммалдарды (шелектер, легендер, шүберектер, швабралар) сақтау үшін арнайы 1 қабатта бөлме қарастырылған – 1,9 $м^2$. Бөлмеде шүберектерді кептіруге арналған 1 - кептіргіш және шелектерді қоюға арналған 1 - стелаж орнатылған. Барлық жинау мүкәммалдар қолдануына қарай таңбаланған. Санитариялық тораптары үшін жинау мүкәммалының белгілік таңбасы бар, санитарлық тораптардың ішінде сақталады. Техникалық персонал қызметкерлеріне бөлме қарастырылған - 3,7$м^2$ құрайды. Киім ауыстыру шкафымен жабдықталған.

Балабақша орталықтандырылған шаруашылық – ауыз су жүйесіне қосылған. Ыстық сумен жабдықтау асханада, буфетте, медициналық кабинетте, дәретханада – «Аристон» су жылытқыштары негізінде жүзеге асырылады. Объектіде ауыз су режимі ұйымдастырылған. Балабақшаның 1 - ші қабатында суға ішуге арналған 1 кулер (диспенсерлер) орнатылған. Ауыз судың сынамасы 2025 жылғы 15 қаңтардағы №3/8/РО2400004 «Суды микробиологиялық зерттеудің хаттамасы» және 2025 жылғы 15 қаңтардағы №6/7/РО2500004 «Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеудің хаттамасы» зертханалық зерттеу қорытындысы бойынша «Су көздеріне, шаруашылық– ауыз су мақсаты үшін

су жинау орындарына, шаруашылық– ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени– тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығына, «Ауыз су және шаруашылық – тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ– 138 бұйрығының талаптарына сай.

Балабақша, асхананың су бұру, кәріз жүйелері (канализация) сарқынды суларды қабылдау жер асты су өткізбейтін 10м3 сыйымдылық арқылы жүзеге асырылады. Сарқынды суларды, оның ішінде САҚ-тың сарқынды суын қабылдау объекті аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, гидравликалық бекітпесі бар қақпақпен (сифондар) жарақталған жерасты су өткізбейтін сыйымдылықта (септикке) жүзеге асырылады, тазалау уақытылы жүргізіледі.

Балабақшада жылыту жүйесі сұйық отынмен жұмыс істейтін автономды қазандық арқылы жер асты 9,7м3 сыйымдылықта жүзеге асырылады. Барлық үй – жайларында жылыту жүйесінің радиаторлары бар. Балабақшаның жылыту жүйесі 2025 жылғы 13 қаңтардағы №2 «Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы» «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ– 15 бұйрығының талаптарына сай.

Жарықтандыру – табиғи және жасанды жолмен жүргізіледі. Жасанды жарықтандыру қыздыру шамдары есебінен жүргізіледі, ақаусыз күйде. Жасанды жарықтандыру кезінде бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылған. Жарықтандыру кезінде шағылысқан және шашыраңқы жарықты шамдарды пайдаланады, олар плафондармен қамтамасыз етілген. Барлық үй-жайларында күн сәулесінен қорғайтын құрылғылар (жалюзи) орнатылған. Объектінің аумағында сыртқы 4 - жасанды жарықтандыру жүргізілген, ақаусыз күйде. Жасанды жарықтандыру көрсеткіштері нормалау құжаттарына сәйкес. Оқу үй - жайлардың жарықтандыруы 2025 жылғы 13 қаңтардағы №2 «Жарықты өлшеу хаттамасы» зертханалық зерттеу қорытындысы бойынша «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ – 15 бұйрығының талаптарына сай.

Балабақша ғимаратының асханасы ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету жүйесі көзделген. Жылу және ылғал бөлу көздері болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары орнатылған. Барлық үй жайлар, дәретханалар табиғи желдету жүйесімен жабдықталған. Желдету үшін ашылатын терезелерге, форточкаларға, фрамугаларға москит торлары орнатылған.

Медициналық кабинетте «Armed» маркалы жылжымалы бактерицидті ультрасәулелендіргіш кварц шамы бар. Жалпы балабақшада 2 жылжымалы «Armed» маркалы ультрасәулелендіргіш кварц шамы бар, есепке алу журналы жүргізіледі, сағаты есептеледі.

Медициналық кабинет және коймада микроклиматтық жағдайын бақылау үшін 1– гигрометр орнатылған. Барлық үй-жайларда температуралық режимді бақылайтын термометрлері бар, техникалық тексерісінен өткен, тексерістен өткендігін растайтын сертификаттары бар.

ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Жетісу облысының филиалының суды микробиологиялық зерттеудің 2025 жылғы 15 қантардағы №3/8/РО2400004 хаттамасы, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеудің 2025 жылғы 15 қаңтардағы №6/7/РО2500004 хаттамасы, метеорологиялық факторларды өлшеудің 2025 жылғы 13 қаңтардағы №2 хаттамасы, жарықты өлшеудің 2025 жылғы 13 қаңтардағы №2 хаттамасы, электромагниттік өрісті өлшеудің 2025 жылғы 13 қаңтардағы №2 хаттамасы талаптарға сай.

**Қорытынды (Заключение):** "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ – 16 бұйрығы, «Ауыз су және шаруашылық – тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ – 138 бұйрығы, "Су көздеріне, шаруашылық– ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық – ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени – тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығы, «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» ҚР ДСМ 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ–15 бұйрығы, "Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ – 95 бұйрығы.

Өзгеде нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған тармақтарды көреті ціз гигиенических нормативов и иных нормативных правовых актов)

Қолдары (подписи)
Жетекші маман: Баубекенова С.Б.

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының лауазымды тұлғасы
(должностное лицо государственного органа санитарно-эпидемиологического надзора

басқа да қатысқан мамандар, куәгерлер (участвовавшие другие специалисты, свидетели)

Тексеру кезінде болдым және актінің данасын алдым (при обследовании присутствовал, и экземпляр акта получил)
мұғалімі Бурмибаева А.Ш.

заңды тұлға өкілінің немесе жеке кәсіпкердің немесе лауазымды тұлғаның лауазымы және Т.А.Ә. (должность и Ф.И.О. представителя юридического лица или должностного лица или индивидуального предпринимателя)

Қол қоюдан бас тарту туралы белгі (отметка об отказе от подписи лица) ____________

(окончено) **2025** жылғы (года) «**31**» **01** **16** сағат (часов) **00** минутта (минут) аяқталды.

Акт (акт составлен в) 2 данада жасалды (экземплярах) «31» 01 2025 жыл (год)